*Аялаймын сені, Қызылорда!*

# Ақмешіт апталығы

14 ақпан сейсенбі
№13 (1920)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
*E-mail: akmeshit.kz@mail.ru*

**Қызылордадан Ақтөбеге дейінгі жолдың мәселесі талайды толғандырып жүр. Батыс Қытай-Батыс Еуропа автобанының осы бөлігі тар екенін, ерсілі-қарсылы жүйіткіген көліктердің сыймай, тіпті бір-біріне соқтығысып жатқанын журналистер де, әлеуметтік желі қолданушылары да жазып келеді. Жол апатынан қаза тапқандар да аз емес. Бұл мәселені облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Республика Премьер-министрі Әлихан Смайыловқа айтқан болатын. Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық штабтың отырысында автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау мәселелері қаралып, біз сөз еткен жолдың жайы да әңгіме арқауына айналыпты.**

## ЖОЛҒА ҚАТЫСТЫ ШАҒЫМ КӨП



Премьер-министр баспасөз қызметінің ақпаратына сүйенсек, Үкімет басшысы жиында 2030 жылға дейін 8 мың шақырым республикалық және 14 мың шақырым жергілікті автожолдарды сапалы салу мен реконструкциялау міндеті қойылғанын атап өткен.

«Жол азабын жүрген білер» деген жұрт емеспіз бе. Бұл салада атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Бәрі сапаға байланысты. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаевтың баяндауынша, биыл 11 мың шақырым автомобиль жолдары, оның ішінде 7 мың шақырым республикалық желі жөнделеді. Бүгінгі таңда 70 мың шақырым жергілікті желінің 85% нормативтік жағдайда екен. Нақтырақ айтар болсақ, Жамбыл, Маңғыстау, Павлодар облыстарында жергілікті жолдардың жай-күйі жақсы. Пайыздық көрсеткішпен есептегенде 90%-дан жоғары. Ал Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау облыстарындағы жолдың жайы орташадан төмен.

Тағы бір атап өтерлігі, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2024-2030 жылдары халықаралық қаржы институттарының қаражатын тарта отырып, жалпы ұзындығы 4,4 мың шақырым болатын жаңа жол жобаларын іске асыруды пысықтап жатыр екен. Атап айтқанда, Жезказған – Қараганды жолы бойынша 513 шақырым, Астана – Костанай тас жолында 830 шақырым, сондай-ақ Бейнеу – Шалқар жолы бойынша 515 шақырым және Атырау – Доссор бағытында 86 шақырым жол жасалады деп көзделуде. Мақаланың әлқиссасында айтқан Қызылорда мен Ақтөбе арасына 1101 шақырым жол салынады деп жоспарланса, Ақтөбе мен Орал арасына 628 шақырым жол түспек.

Отырыста «ҚазАвтоЖол» компаниясының басқарма төрағасы Мейірхат Қасымбаев пен бірқатар өңір әкімдері сөз сөйледі. Премьер-Министр жолдардың жай-күйі мен көлік инфрақұрылымы ішкі және сыртқы сауданы дамытудың маңызды факторлары екенін атап өтті.

Үкімет басшысының айтуынша, соңғы уақытта автомобиль жолдарының сапасына қатысты шағым көп. Жолдың нашарлығы жол апатына себепші болып, адамдардың өліміне әкеледі, транзиттік тасымал көлемін азайтады, сонымен қатар елдің имиджіне теріс әсер етеді.

– Жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарына жұртшылық қанағаттанбай отыр. Интернетте жұмыстың регламент бойынша емес, жаңбыр, тіпті қар жауып жатқан кезде жүргізіліп жатқаны түсірілген көптеген бейнеролик пен фотосуреттер толып жүр, – деді Әлихан Смайылов.

Мысал ретінде Үкімет басшысы Абай облысы Көктерек ауылында қардың үстіне асфальт төселгенін, ал Павлодар облысында асфальтты жолға шашып тастағанын айтты. Кейбір өңірлерде ауыл тұрғындары жергілікті атқарушы органдардан қайыр күтпей, жолдарды өз бетінше жөндейтін жағдайлар кездеседі. Алматы облысының Рысқұлов ауылында, Маңғыстау облысының Атамекен ауылында осындай жағдайлар болған. Сонымен қатар бір учаскеде жыл сайын жөндеу жұмыстары жүргізілген фактілер бар.

Әлихан Смайылов жол салу әдістерін түбегейлі өзгертуді талап етті. Өңірлердің әкімдіктеріне жергілікті автожолдар желісін салу және жөндеу бойынша сапалы жұмыс жүргізу тапсырылды. Құрылыс маусымын бірден бастау үшін мемлекеттік сатып алу мен құрылыс материалдарын сатып алудың барлық рәсімін жақын арада тездетіп аяқтау керек. Сонымен қатар Премьер-Министр осы жылдың соңына дейін «Мерке-Бурылбайтал», «Ақтөбе-Атырау-Астрахан», «Алматы-Өскемен», «Өнеге-Бейсен», «Казталовка-Жәнібек», «Үшарал-Достық» сияқты маңызды автожол жобаларының аяқталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

**А.БЕК**

**Түркиядағы жойқын жер сілкінісінің ауқымы мен адам шығыны бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Бүгінде құлаған ғимараттың астында қалған адамдардың аман-есен болуына және қираған қалалардың қалпына келуіне бүкіл әлем тілекші болуда. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке Түркияның оңтүстік-шығысында болған жойқын жер сілкінісінің салдарын еңсеруде шұғыл көмек көрсетуді тапсырды. Нәтижесінде Қазақстан құтқарушылары мінген борт 7 ақпан күні Газиантепке аттанды. Ал мамандардың екінші тобы 8 ақпанда жетті.**

## ҚИНАЛҒАНҒА ПАНА БОЛҒАН КИІЗ ҮЙ



Түркияға жіберілген Қазақстан құтқарушыларының құрамында Апаттар медицинасы орталығының мамандары бар. Дәрігерлер алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету үшін пневмокаркасты модуль орнатты. Ол – тұрғындарға білікті көмек көрсетуге арналған далалық медициналық пункт. Қабылдауды апаттар медицинасының білікті дәрігерлері жүргізуде. Олар бір күнде жиырмаға жуық науқасқа, оның ішінде екі балаға консультациялық және білікті медициналық көмек көрсетті. Адамдар осы пунктке көбінесе жылынуға, туыстары мен жақындарын құтқарушылар тауып алғанша күтуге келуде.

ТЖМ пневмокаркас модульдерін өткен жылы сатып алғанын атап өткен жөн. Аталған далалық медициналық госпиталь ірі зілзалалар мен апаттар туындаған кезде орналастыруға арналған. Мұндай мобильді аурухана толық орналастырылған кезде күніне 200-ге жуық өз өмірін қауіп-қатерге тігіп, Түркиядағы зілзала орнында ауыр жағдайда қызмет істеп жүрген құтқарушылардың да денсаулығын сақтау ТЖМ медицина қызметкерлерінің басты міндеттерінің бірі. Дәрігерлердің айтуынша, бүгінде Түркиядағы ТЖМ жеке құрамының денсаулығы жақсы.

**2 БЕТТЕ**

## «Бәйтеректе» ауызсу мәселесі шешімін табады

**Қаланың шет аймағын сапалы ауызсумен қамту үшін 7 ұңғыма қазылуда. Бұл аталған аумақты тәулігіне қосымша 7200 текше метр таза ауыз сумен қамтуға мүмкіндік береді.**



Қалаға қарасты «Бәйтерек» шағын ауданы осыдан жеті жыл бұрын құрылған болатын. Бүгінде бұл маңға табиғи газ тартылып, көшелері жөнделіп, жарық жүргізілген. Көптің тілегі болған қоғамдық көлік мәселесі де шешімін тауып, жұртшылықтың жайлы күн кешуіне жағдай жасалуда. Десе де бәйтеректіктер үшін бүгінде өзекті болған ауызсу мәселесі бар.

Алты мыңнан астам тұрғыны бар шағын ауданға ауызсу жақын маңдағы Абай, Қызылжарма ауылынан тартылған. Сондықтан жұртшылық ауызсу қысымының төмендігін айтып, осы мәселені шешуді сұрауда.

Қала аумағы жылдан-жылға кеңейіп, тұрғын үйлер саны артып келеді. Сондықтан ауызсу қысымының төмендеуі қалыпты құбылыс саналады. Дегенмен тіршілік көзінсіз тірлік бітпек емес. Осы мақсатта биыл 7 су ұңғымасы қазылуда. Су қоймасы іске қосылса «Бәйтерек», «Әл-Фараби», КБИ шағын ауданын таза, сапалы ауызсумен қамтитын болады. Сондай-ақ аталған аумақты қосымша тағы 150 гектарға дейін кеңейту көзделуде. Бұл аумақтағы ауызсу жүйесі де жаңа су қоймасынан тартылмақ.

Ауыз су мәселесі осылайша шешім тапса бәйтеректіктер инфрақұрылымы дамыған шағын ауданның тұрғынына айналмақ. Биыл бұл маңда 7 көшеге қиыршық тас төселіп, асфальтталады деп жоспарлануда. Сонымен бірге жаңадан бой көтерген 600 орындық білім ұясы да пайдалануға берілмек.

**Ақмешіт-ақпарат**

## 590 КАНДИДАТТЫҢ ҮМІТІ БАР

Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарына үміткерлердің ұсыным құжаттарын қабылдау аяқталғаны белгілі.

Облыстық сайлау комиссиясының мәліметіне сүйенсек, Қызылорда облысының мәслихаттарына барлығы 152 депутат сайлануы қажет болса, оның ішінде 32-і облыстық мәслихат, 23-і қалалық, 97-і аудандық мәслихат депутаттығына сайланбақ.

Облыс бойынша барлығы 590 ұсыныс келіп түсті. Парламент Мәжілісіне облыс үшін бір мандаттық №21 округ белгіленген. Оған барлығы 15 үміткер құжат ұсынды. Оның ішінде 10-ы өзін-өзі, 1-і қоғамдық бірлестік, 1-і «Ауыл», 1-і ЖСДП облыстық филиалы, 1-і «Аманат», 1-і «Ақжол» партиясы тарапынан ұсынылды.

Облыстық мәслихат депутаттарын партиялық тізімдер арқылы 6 саяси партиядан 67 кандидат ұсыным құжатын тапсырды.

«ҚХП» партиясы – 4 кандидат,
«Аманат» партиясы – 34 кандидат,
«Ауыл» партиясы – 4 кандидат,
«Байтақ» партиясы – 5 кандидат,
«Республика» партиясы – 7 кандидат,
«Ақ жол» партиясы – 13 кандидат ұсынды.

Саяси партиялар құжаттарды Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес ұсынып, әрбір партиялық тізімде әйелдер мен 29 жасқа толмағандардың саны кемінде 30 пайызды құрады.

Облыстық мәслихат депутаттарын сайлау бойынша 16 бір мандаттық аумақтық сайлау округінде 58 кандидат, қалалық және аудандық мәслихат депутаттарын сайлауға 450 кандидат ұсынылды.

Орташа есеппен бір мандатқа 3 адамнан келеді. Ең үлкен бәсекелестік №4,6,16 округтерде, яғни 5 адамнан ұсынылған.

Кандидаттардың ең жасы 2002 жылғы екен.

**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА**

**Кешеден бастап қаладағы №12, №15 бағыттағы қоғамдық көліктер үлкен сыйымдылықтағы жаңа автобустармен алмасты. Бұған дейін жолаушылар тасымалында тозығы жеткен ескі автобустар жүрген еді. Заманауи жаңа автобустың келуі «Наурыз» шағын ауданы мен №120 мектеп және арнайы автобаза аумағы мен Шанхай шағын ауданы тұрғындары үшін қуанышты жаңалық болғаны рас.**

## Тағы да жаңа автобус



Бүгінде аталған мәселелер оң шешімін тауып келеді. Бұрынғыдай сағаттап автобус күту, кейде жолаушының көптігінен сыймай қалу сынды кедергілер де азайған. Жүйелі істің нәтижесі сезіле бастады. Былтыр «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы бөлінген қаржыға Қызылорда автобус паркіне үлкен сыйымдылықтағы 150 автобус алу жоспарланған. Бұған дейін оның алғашқы 100 данасы келген болатын. Жуырда қалған 50 автобустың 24-і жеткізілді. Соның аясында аталған бағыттар үлкен сыйымдылықтағы жаңа автобуспен қамтылды.

Автобус паркі баспасөз қызметінің мәліметінше, әр бағытта 12 автобустан жүреді. Оларға мемлекеттік нөмірлер тағылып, тексеру жүргізілген. Ал аталған бағыттардың жолсызбасына өзгеріс енгізілмейді. Алдағы уақытта қалған 26 автобус келеді деп күтілуде. Олар №16, №31 бағыт бойынша қызмет көрсетпек.

– Бұл жұртшылықтың көптен бері күткен жаңалығы ғой. Естігенде қуанып қалдық. Қоғамдық көлік мәселесі бұрыннан айтылып келеді. Жолаушыларға бұрын ескі, тозығы жеткен автобус қызмет етті. Санаулы көліктің уақыт аралығы да бірқалыпты емес еді. Лық толы адамнан кейде көлікке мінбей, қалып қоятын кездер де болған. Бүгін немеремді сабаққа апару үшін жаңа автобусқа міндім. Ұзақ күткен жоқпын. Іші де жылы әрі жайлы екен. Ұнады. Жаңа апта жақсы жаңалықпен басталып жатыр, – дейді «Наурыз» шағын ауданының тұрғыны Мейіркүл Нұрлыбекова.

Қоғамдық көлік мәселесі бұқараның базынасына айналғалы қашшан. Шағын газель маркалы автокөліктер мен ескі автобустар осы кезге дейін жұртшылықтың діттеген жеріне жетуі үшін қызмет етті. Бірі уақытылы келсе, ендігісі кешігіп жетті. Интервал жайы да күн тәртібіндегі мәселеге айналған.

**«Ақмешіт-ақпарат»**

## ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ сәнге айналды ма?

**Электронды темекінің зияны жастар денсаулығына кері әсерін тигізуде. Қоғамдағы басты мәселенің бірі жасөспірімдердің зиянды затқа шамадан тыс әуес болуымен байланысты болып отыр.**



Жасөспірімдердің жаман әдетке әуестеніп бара жатқанын Мемлекет басшысы да сөз етті. «Электронды темекіге әуес жасөспірімдер көбеюде. Қазір ересектердің ермегіне айналған электронды темекіге оқушылар да әуестеніп барады. Мұндай темекіні балалар дүкеннен еш кедергісіз сатып алады. Бұл – қауіпті жағдай», – деді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

**2 БЕТТЕ**



# ҚИНАЛҒАНҒА ПАНА БОЛҒАН КИІЗ ҮЙ

Түрік елінде зілзала кезінде жоғалып кеткен бірнеше қазақстандық табылды. Оның бірі – Сабина Мамандьярова. Ол үйінді астынан аман шығарылды. Өкінішке орай, Хатайда жұмыс істеп жатқан қазақстандық құтқарушылар Әділ Қадірбековтің мәйітін тапты. Сондай-ақ Мирболат Құрмашевтің де мәйіті қиранды астынан табылды. ҚР ТЖМ мәліметінше қазақстандық құтқарушылар үйінді астынан 7 адамды құтқарып, қайтыс болған 53 адамның денесін шығарды.

Бұл қайғылы оқиғаға қарапайым халықта бей-жай қарап қалмай, қолдан келгенше қолдау көрсетуде. Ал демеушілер өздігінше жәрдемдесуге асықты.

Бүгінде 18 еріктілер ұйымы мен 500-ден астам ерікті Түркияға көмек беру бойынша жұмылдырылған. Жер сілкінісіне байланысты Түркия халқына көмек көрсету мақсатында Кахраманмараш қаласында қазақстандықтар бірнеше киіз үй орната бастады.

– Киіз үй алғаш болып Кахраманмараш қаласында орнатыла бастады. Бұл киіз үйлердің Түркияға жеткізілгеніне бірнеше күн болды. Бүгін тағы 84 киіз үй әкеледі», – деді қазақстандық тілші Нұрбек Бекбау «Instagram» парақшасында.

Оның айтуынша, Түркия халқына қол ұшын созуға Қазақстаннан 12 ерікті келді. Жалпы саны 100-ге жуық киіз үй жеткізілген. Бір киіз үйге 20 адамға дейін сияды. Сонымен қатар Қазақстанның барлық облысынан Түркияға гуманитарлық көмек жіберілуде. Солардың бірі – елге белгілі тұлға, «Абай-Дәулет» ЖШС-нің басшысы, қызылордалық меценат Мұрат Сәрсенбаев. Ол зілзаладан зардап шеккен халықты уақытша баспанамен қамтамасыз ету мақсатында арнайы киіз үй жіберуге қомақты қаржы жіберді. Қазақстанда жиналған көмек Түркияға елшілік арқылы жеткізілуде. Бір аптаның ішінде

Басы 1-бетте




қазақстандық қайырымды жандар жинаған гуманитарлық көмек ел бойынша 15 тоннадан асты. Ал көмек көрсету науқаны аясында ақшалай шамамен 1,5 миллион доллар жиналды.

Сыртқы істер министрлігінің мәлімдеуінше, Ыстанбұлдағы қазақтар, студенттер және жергілікті қазақ диаспорасы Түркияның алапат зілзала салдарынан зардап шеккен аймақтарына гуманитарлық көмек көрсету бойынша белсенді жұмыс істеуде. Бас консул Әлім Байел бүкіл Қазақстан жұмылып бауырлас Түркияға қолдау көрсетіп жатқан сәтте бұл көмекке өз үлесін қосып жатқан Ыстанбұлдағы қазақтарға алғыс айтты.

**Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ**

**Барыс жылында елімiздiң 8 мыңға жуық тұрғыны оңтүстiктен солтүстiкке қоныс аударған. Еңбек және халықты әлеуметтiк қорғау министрлiгiнiң баспасөз қызметi таратқан ақпаратқа сүйенсек, оларға заңдылыққа сәйкес мемлекеттiк қолдау көрсетiлген.**



# ТЕРІСКЕЙГЕ КӨШ:
## МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА НӘТИЖЕСІН БЕРУДЕ

– 2022 жылы «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде Қазақстанның еңбек тапшылығы бар өңірлерінен 7923 адам өз еркімен қоныс аударған. Оның ішінде 1320 қандас және 6603 қоныс аударушы бар. Барлық қоныс аударушыларға мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді, – делінген аталған министрлік таратқан ақпаратта.

Ұлттық жоба шеңберінде қоныс аударушыларға мемлекет бірқатар қолдау шарасын ұсынады. Оның ішінде көшуге арналған субсидия бар. Субсидия көлемі – бір мезгілде отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК мөлшеріне тең. Сонымен қатар отбасы мүшелерінің санына және елді мекенге байланысты 12 ай ішінде 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі мөлшерде тұрғын үй жалдауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге көмек беріледі. Яғни аталған қызмет үшін Үкімет ай сайынғы субсидиялауды ұсынып отыр. Бұдан бөлек қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жіберу, жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу сынды қолдау шаралары бар.

Өткен жылы қоныс аударғандардың ішінде 3652 адам еңбекке жарамды, олардың 2811-і тұрақты жұмысқа орналастырылған. Біржолғы субсидиялар 7622 қатысушыға төленді, ал 5633 азаматқа тұрғын үй шығыстары субсидияланады.

Бұдан басқа, өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілерге тұрғын үймен қамтамасыз етілген және кемінде 2 жыл мерзімге тұрақты жұмысқа қабылданған әрбір жұмыскер үшін 400 АЕК мөлшерінде жұмысқа орналасуға біржолғы субсидия беріледі.

Еңбек тапшылығы бар өңірлерге қоныс аудару мүмкіндігін пайдаланған отандасымыздың бірі – Нұрболат Мәдиев. Ол Қызылордадан Қостанай облысына көшкен.

– 2019 жылы мен болашақ әйеліммен бірге Әулиекөл ауданына көшіп келдім. Қазір аудандық ауруханада массажист болып жұмыс істеймін. Жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа орналастым. Мен барлық қолдау шараларын алдым, барлығына ризамын. Мұндай бағдарламалар көп болса жақсы болар еді, – дейді жерлесіміз.

Нұрболат Сырдан Қостанайға қоныс аударғаннан кейін үйленген. Оның жұбайы аудандық ауруханаға гинеколог болып жұмысқа орналасты. Жас отбасы қазір екінші сәбиін күтуде.

– Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың 2023 жылға арналған өңірлік квотасы 8 652 адамды құрайды, оның 1,9 мыңы қандастар үшін, ал 6,7 мыңы – қоныс аударушылар үшін көзделген. Қазіргі уақытта министрлік 2023-2027 жылдарға арналған Көші-қон саясатының тұжырымдамасын қабылдады, ол іске асыру үшін жұмыс орындары құрылатын және қолданыстағы бизнес-жобалар кеңейтілетін солтүстік және орталық өңірлерге ішкі қоныс аудару тетігін қайта қарайды. Бұдан басқа тұрақты жұмысқа орналасқан азаматтарға жаңа тұрғылықты жері бойынша 4 млн теңгеге дейінгі мөлшерде тұрғын үй сатып алуға қаржылай көмек алуға мүмкіндік беретін ұтқырлық сертификаттарын енгізу мүмкіндігі қарастырылуда. Іске асырылып жатқан шаралар халықты қоныстандырудың өңірішілік диспропорциясы проблемаларын шешуші рөлін атқарады, – дейді ҚР ЕХӘҚМ Көші-қон комитеті төрағасының міндетін атқарушы Ілияс Испанов.

**«Ақмешіт-ақпарат»**

**Бүгінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында мемлекеттік бағдарламалар өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұртшылыққа дем беруде. Яғни «жұмыс жоқ» деп қол қусырып отыруға болмайды. Қалай да әрекет қылу керек. Бүгінгі күн талабы бос отыруға мүмкіндік те бермесі анық. Жеке кәсібін ашып, екі қолға бір күрек табылса деп мақсат етіп отырғандар да бар. Биыл қайтарымсыз қаржы көлемі өсті. Яғни кәсіп ашқысы келетін жандарға 1 380 000 теңге беріледі. Ұлттық жобаның бірінші легі 20 ақпаннан басталады. Бұл қаржыға бизнес бастаудың бағдарын қалалық жұмыспен қамту орталығынан білген едік.**



# ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫ
## КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

– Мемлекеттік грант – нысаналы мақсаты жаңа бизнесті іске қосу және дамыту үшін өтеусіз берілген бастапқы капитал. Қала бойынша бірінші лекте 95 адамға гранттар беру жоспарлануда. Әр қатысушы оны тек бір рет ала алады. Қайтарымсыз қаражат ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өздерінің бизнес-әлеуетін ашуға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы өзін тұрақты табыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қайтарымсыз қаржыны алу үшін үміткер төмендегі әлеуметтік санаттардың бірінен болуы керек. Атап айтқанда, мүгедектігі бар адамдар, қолданыстағы «кандас» мәртебесі бар адамдар, өңіраралық қоныс аударушылар, аз қамтылған отбасы мүшелері, көпбалалы отбасы мүшесі, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған отбасы мүшесі, асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы алушылар. Осы санатқа жататын азаматтар жұмыссыз немесе 3 жыл жеке кәсіпкер болуы шарт. Сонымен қатар үміткердің «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту туралы 3 жылдан аспайтын мерзімге сертификаты болуы тиіс, – дейді қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры Жақсылық Төлегенов.

Маманның сөзіне сүйенсек, грант алуға өтінімдерді қабылдау бірыңғай терезе – «Business.enbek.kz» порталы арқылы жүзеге асырылады. Өтінім беру үшін порталда тіркелу, грант алу шарттарына сәйкестігіне тексеруден өту, бизнес-жоспар үлгісін жүктеп алып, оны толтыру және порталға енгізу, өтініш нысанын толтыру және ЭЦҚ кілтімен қол қою қажет.

Рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету, адами факторды азайту, өтініш берушілерге ыңғайлы болу үшін гранттар берудің бүкіл процесі электрондық форматқа ауыстырылды.

Қайтарымсыз қаржы өз кәсібін бастауға ынталы азаматтарға мемлекет беріп отырған мол мүмкіндік. Халықтың әл ауқатын жақсартуды мақсат еткен бағдарлама өз дәрежесінде жүзеге асуы тиіс.

**Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ**

# Бірнеше бөлім қосылды

Қызылорда қаласы әкімдігінің қаулысына сәйкес, бірнеше бөлімдер қосылып, мекемелердің атауы өзгерді. Қызылорда қаласы әкімінің «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» №1509 қаулысымен Қызылорда қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі мен қаржы бөлімі, ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен спорт бөлімі қосылды.

Нәтижесінде бөлімдер атауы өзгерді. Атап айтқанда, «Қызылорда қаласының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Қызылорда қаласының мәдениет және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталды.

Одан бөлек, қалалық ішкі саясат бөлімінің атауы «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгерді.

Бүгінгі таңда аталған бөлімдердің ережелері әділет органына тіркеліп, өз жұмыстарын жалғастыруда.

**«Ақмешіт-ақпарат»**

**БРИФИНГ**

# ӘЙЕЛДЕР КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫ АУҚЫМДЫ

Мемлекет басшысы елімізде әйелдерді әлеуметтік тұрғыда қолдауға күш салу қажеттігін үнемі айтып келеді. Себебі ел экономикасының дамуына әйелдердің қосар үлесі зор. Қазіргі уақытта әйелдер басшылық қызмет жасап, кәсіпкерлікпен айналысып қоғам дамуына орасан зор қызмет етуде. Сондықтан да олардың ел дамуына қосып жатқан үлесін ескеру маңызды.
Осы орайда әйелдердің әлеуметтік, экономикалық және қаржылық әлеуетін көтеру мақсатында қаламызда «Қызылорда қалалық әйелдер кеңесі қоғамдық бірлестігі» жұмыс істейді. Кеңестің қызметі нәзік жандар арасында кәсіпкерліктің дамуына бағыт бағдар беруге бағытталған. Сонымен қатар отбасы институтын нығайту, отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, ана мен балалар құқығын және денсаулығын қорғау бағытындағы маңызды істерді ілгерілетуге бағытталған.

– Бүгінде әйелдер қауымдастығы қаламыздағы отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайту, тұрғындар арасында азаматтық белсенділікті және шығармашылық бастамаларды қолдау, консультациялық мақсаттарға қол жеткізу мен азаматтық қоғам қағидаттарын жүзеге асыруда әріптестікті дамытуға қолдау көрсетуді ұйымдастыруда. Мәселен, бірлестік мүшелерінің қатысуымен білім ордаларында түрлі тәрбие сағаттары, көшбасшы әйелдер мектебінің дәрістері, сондай-ақ «Ана әлдиі» облыстық видеоролик байқауы, «Алтын белгі» иегерлерінің аналарын марапаттау кештері өткізілді. Өңірімізді көгалдандыруға бағытталған игі істі жалғастыру мақсатында бірлестіктің ұйымдастыруымен Тасбөгет кентінде орналасқан облыстық балалар ауруханасының ауласына 100 түп ағаш отырғызылды, – деді баспасөз орталығында өткен брифингте «Қызылорда қалалық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Жаннат Садвакасова.

Қоғамдық бірлестігінің жоспарына сәйкес ерлермен бірге аянбай жұмыс жасап, ұғынықты ұрпақ тәрбиелей білген ардақты аналардың еңбегін насихаттау мақсатында «Бегім ана» аналар клубы ашылған. Бұл клубтың негізгі мақсаты қаламызға еңбек сіңірген, белсенді мүшелерін жас ұрпаққа үлгі ету. Осы істің бастамасы ретінде сол кісілердің еңбек жолын, отбасын әлеуметтік желілерде жариялау арқылы насихаттау жұмыстары қолға алынған.

– Қоғамдағы ана мен бала денсаулығын жақсартып, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында және әйелдердің орта, шағын және отбасылық бизнестегі үлесін қолдау мақсатында атқарылған жұмыстар өз нәтижесін береді деп ойлаймын. Оның бір дәлелі қаламыздың орталық көшесінде облыс әкімі Н.Нәлібаевтың бастамасымен салынып жатқан «Аналарға тағзым» атты әлеуметтік-мәдени кешеннің құрылысына куә болып, кірпішінің калануына үлес қосқанымыз еді. Отбасында және жұмыс орнында түрлі зорлық-зомбылыққа ұшырап, оны айта алмай үрейде жүрген ана мен бала тағдыры – ол қоғамның өзекті мәселесі екендігін айқындай келіп, бұл кешеннің болашақта оң мақсатта жұмыс жасайтынына сенімдімін, – деді Жаннат Мылтықбайқызы.

**Айтолқын АЙТЖАНОВА**

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

# ЕРЕКШЕ СЫЙ



Жақында бір құрбымнан ерекше сый алдым. Сырты түрлі-түсті, хош иісті иіс сабын. Оның қасында ақша жинайтын қорапшасы бар. Екеуі де сондай тартымды. Шағын ғана сыйлықтың көңілімнен шыққанын байқаған құрбым да маған таңдана қарап, «сыйлығым ұнамай қалды ма?» деп сұрай бастады.

– Жоға, керемет сыйлықтар. Бірақ мына ерекше сабынды қолыма алғаш рет алып тұрмын, – дедім еш жасырмастан.

– Негізі сабын да, ақша жинайтын қорапша да Қызылордада жасалған. Өзіміздің өнімді өткізейін деп арнайы екеумізге сатып алдым, – деді құрбым. Содан қызығушылығым артып, кімдер, қалай жасағанын сұрастыра бастадым.

Жалпы қалада бұған дейін сабынның әртүрлісін шығарып жүрген кәсіпкерлер баршылық. Әйткенмен мына түрлі-түсті, хош иісті сабындар көзге тартымды көрінді. Оның үстіне ақша жинайтын қорапшаларды арнайы дүкен сөрелерінен табатынбыз. Енді бұл заттарды Сағатбек Сиюов төрағалық етіп отырған «Қызылорда облыстық мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің қолөнер бағыты бойынша жұмыс істейтін нәзік жандардан алуға болады.

### СЕНБІДЕГІ СЕРПІЛІС

Өткен аптаның сенбісінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған орталыққа бір топ қыз-келіншектер жиналды. Арнайы алжапқыштарын киіп, белсене кірісіп кетті. Ал сабын мен ақша жинайтын қорапшаны жасау үшін көмектесуге, бағыт беруге «Мансап» мектебінен бейнелеу өнерінің мұғалімі Гүлзат Жұрқабаева келді.

– Негізі шеберлік сабағын бастауымдағы алғашқы баспалдақ десем болады. Бұған дейін сабын мен ақша жинайтын қорапшаны біз оқушылар арасында жасап көрдік. Сабақ осы орталықта мүмкіндігі шектеулі жандар арасында алғаш рет өтті.



Бастапқы нәтижесі де өте жоғары шықты. Сенесіз бе, алғашқы өнімдері де сатылымға сәтті шығып, саудасы қызуда, – деді Гүлзат Ермекқызы.

– Гүлзат, жасалу технологиясымен бөліссеңіз, мұны жасау қиын емес пе?

–Алдымен ақша жинайтын қорапшаға тоқталсақ, оған гипс, қорапшаның қаңылтыры, өзіне арналған бояулары қажет. Сондай-ақ жасалу барысында дұрыс кебуі маңызды. Ал сабынға келсек, оның құрамына мән берген абзал. Мәселен, жожоба майы, сүт керек. Сонымен қатар хош иісті заттары мен бояғыштары болуы тиіс. Соның барлығын ерітіп, одан кейін ыдыстарына құйып, кепкенін күтуіміз керек. Айта кетейік, табиғи заттардан жасалған осы сабындар қолды кептіріп жібермейді, – деп бөлісті маман.

Сырттай қарасақ, шеберлік сабағына қатысқан нәзік жандардың белсенділігі ерекше байқалды. Жақсы көңіл-күй, жайдарлы адамдармен жылы әңгімелесу, пайдалы ақыл-кеңестерімен бөлісу. Мұндай жылылықты қоғамдық бірлестіктің төрағасы Сағатбек Қуанышбайұлы да аңғарса керек.

– Бірлестікке төрағалыққа келгеніме бір жылдан асып барады. Осы уақыт аралығында түрлі жұмыстар, шаралар ұйымдастырдық. Соның ішінде қолөнермен айналысатын мүмкіндігі шектеулі жандар арасында жәрмеңке ұйымдастыруды қолға алғанбыз. Оған қоса бұл тек көрме болып қалмай, жәрмеңке түрінде болса деген ниет болды. Себебі мүмкіндігі шектеулі жандар бір жағы заттарын сатады, өздері ақша табады. Қолөнердің ішінде тоқыма мен тігін бұйымдары жиі кездеседі. Сонымен бірге арасында басқаша өнер болса деген мақсат қойдық. Ойлана келе, «Мансап» мектебінен Гүлзатқа ұсыныс айтып, осы жұмысты бастап кеттік. Алдағы уақытта да басқа да жандардың осындай заттарды жасауға ынтасы болса, қуана қарсы аламыз, – деді бірлестік төрағасы.

Бір күндегі еңбектің нәтижесі де жақсы аяқталды. Хош иісті сабындар мен ақша жинайтын қорапшалар сатылымға шықты. Бағалары да қалтаға қонымды, 1000-1500 теңге аралығында. Айтпақшы, бірлестіктің қолөнер бағытындағы бұл қыздар алдағы уақытта Қызылорданың тарихи жерлері мен суреттері бейнеленген магнитті жапсырмалар жасауға кіріседі. Ал мұндай магнитті жапсырмаларды әзірге ешкім жасамаған көрінеді. Сонымен қатар көктемде қолөнер жәрмеңкесі ұйымдастырылмақ.

**Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ**

Жасырын істеген әрбір іс-әрекеттің кері әсері болады. Өмірге бір рет қана келемін, барлық істі байқап көрейін дейтін түсінік қателікке әкеліп ұрындырады.

Жастар арасында танымал болған электронды темекінің зияны қандай? Қауіпті өнімге неліктен мектеп



# ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІ сәнге айналды ма?

оқушылары қызығады? Осы сауалға жауап алу үшін «Жастар денсаулық орталығының» валеолог маманын әңгімеге тартқан едік.

– Электронды темекінің түрлері өте көп. Вейп, гло, айкос атауымен танымалдылыққа ие болған өнім адам денсаулығына кері әсерін тигізеді. Оның құрамында глицерин, полипропилен секілді химиялық улы заттар бар. Глицерин жоғары деңгейде бу бөлетін болса, зияны көбейеді. Ал полипропилен дегеніміз, пластикалық құбырлар мен пласмасса құрамында болатын қауіпті зат. Электронды темекі құрамындағы картридж, атамойзер, қуаттағыш адам денсаулығына кері әсер тигізеді. Картридж ішіне хош иісті сұйықтық құйылады. Темекі секілді жағымсыз иіс қалдырмайды деген оймен балалар электронды темекіні қолдануға әуестігі жоғарылады, – дейді Гүлдана Алмұрзаева.

Маманның сөзіне сүйенсек, электронды темекіні жасөспірімдер ересек көріну мақсатында, сән үшін тұтына бастаған. Бірақ уақыт өте келе тәуелді болып қалғанын байқамайды. Қазіргі кезде 5-6 сынып оқушыларының қызығушылығы артатын кезең екен.

– Электронды темекіні қолдану кесірінен адамдар түрлі ауруларға душар болады. Атап айтқанда, қатерлі ісік, жұқпалы және созылмалы ауруға шалдығуға себеп болады. Жасөспірімдердің жетілу кезеңі бәсеңдейді, – дейді маман.

Электронды темекінің зияны жайлы ата-аналар не дер екен?

– Жастардың басым көпшілігі электронды темекіге неліктен әуес екенін білмеймін. Балалар электронды темекінің зияны жайлы біле бермейді. Мен зиянды заттарды қолдануға қарсымын. Ұлдарымның іс-әрекетін толық бақылау да ұстап отырмын. Дегенмен ұрпақ болашағы үшін қатты алаңдаймын. Елімізде электронды темекіні сатуға тыйым салу керек, – дейді Айнұр Қанатқызы (аты-жөні өзгертілген).

Қоғамның басты дерті де зиянды әдеттен жапа шеккен жеткіншектің тағдырымен байланысты. Бұл жағдайды ескеріп, жай ермек ретінде байқап көріп, кейін электронды темекіні қолданған Асқар Айдаровтан (аты-жөні өзгертілген) пікір алдық.

– Менің қызығушылығым араласатын адамдармен байланысты болды. Бір рет байқап көргеннен кейін тағы да тарта бастадым. Тіпті рахаттанғандай болдым. Электронды темекіні қолданудың себебі күйзелістен болады деп ойлаймын. Айналамдағы адамдар да электронды темекіні көп тұтынады. Мұны мектеп оқушыларының өзінен де байқадым. Мен қазір электронды темекіні қолданбаймын. Дер кезінде әдеттен бас тарттым, – деді кейіпкеріміз.

Электронды темекіні интернет дүкендерден сатып алуға мүмкіндік бар. Зиянды өнімнің никотиндік мөлшеріне байланысты баға әртүрлі болатын көрінеді. Шылымды будақтату саны көп болған сайын құны да өсетіні белгілі болды.

«Жастар денсаулығы орталығы» облыс аймағындағы жоғарғы және орта оқу орындары арасында электронды темекінің зияны жайлы арнайы іс-шара жүргізуде. Балалармен жүздескенде арнайы бейнероликтер көрсетіледі. Оқушылармен пікір алмасу мақсатында кері байланыс бар.

– Электронды темекіні доғару әр адамның өзіне байланысты. Егер де арнайы ем қабылдап, кейін ескі әдетіне басып әрекет жасаса, ешқандай нәтиже болмайды. Бастысы ниетін түзу болу керек, – деп қорытындылады валеолог маман.

Темекі түтінінің адам болашағына қандай залал келтіретініне көзіміз жетті. «Денсаулық – зор байлық» ұраны бекер айтылмаса керек-ті. Салауатты өмір салтын ұстану өзіміздің қолымызда. Ел ертеңін ойлаған жан болсаң, зиянды әрекетке бірге тоқтау салайық!

**Нұрдәурен ЖӘРДЕМХАН,**
Қорқыт ата атындағы ҚУ
4 курс студенті

Басы 1-бетте

# МҰҚАҒАЛИ ӨЛЕҢІ ЖАТҚА ОҚЫЛҒАН КЕШ



Бүгін менің туған күнім, ой пәлі-ай!
Мына адамдар не істеп жатыр тойламай?!
Банкет жасап берер едім өзім-ақ,
Тәңірім бір жарытпай-ақ қойғаны-ай, – деген өлең жолдарын еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін жатқа біледі.

9 ақпан – Мұқағали Мақатаевтың туған күні. Өмірі өлең, өлеңі өмірге айналған Мұқағали Мақатаевқа арналған шаралар жастар арасында жиі өткізіледі. Себебі ақын өлеңдерін насихаттау арқылы жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім мен адамгершілік рухы қалыптасады. Ақынның өлеңдерін жатқа білмейтін бала жоқ шығар, сірә...

Қызылорда облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ мен қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №19 кітапхананың ұйымдастыруымен поэзия тынысын өзінше кеңейткен, қазақы формалар мен бояуларды сақтай отырып, «шекпен жауып қайтарып», жаңа леп, жаңа үн қосқан ақынды еске алуға арналған әдеби-сазды жыр кеші өтті.

Рухани шараға Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасына қарасты «Тілдерді дамыту орталығы» КММ-нің оқу әдістемелік бөлім басшысы Гүлбану Сембиева, ғылыми бөлім сарапшысы Шолпан Қайбрахман, Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті қызметкерлері және Сыр өңіріне белгілі ақындар мен белсенді жастар қатысты.

Ақын поэзиясының қайнар көзі, шабыт тұғыры – туған елі, өскен жері, Отан тағдыры, замана тынысы, замандастарының арман-аңсары. Осының бәрін ол жас дарынға тән қайталанбас шеберлікпен, әр жүрекпен тіл табысар сыршыл да шыншыл сезіммен, нағыз поэзияға ғана тән бейнелі образдармен бейнелеп, өлмес туындыларды дүниеге әкелді.

Кеште бірқатар талантты жастар Мұқағали әлеміне тереңірек бойлап, оның сыршыл поэзиясы, пайымдауы өзгеден бөлек жебелі жырларын жүректерге ерекше үнмен, соны серпінмен жеткізді. Кеш қонақтары «өмірден өзі өтсе де, өлеңі өшпеген» ақынның аз ғұмырында артына қалдырған жалынды жырларымен таныс болып, ерекше әсер алды. Сонымен қатар ақынның «Қырман басында», «Қойшы бала Әкітай», «Інімнің ойы», «Шебер» өлеңдері «Жастық жыры» секілді жинаққа енген тұңғыш өлеңдері оқылды.

**Ақмарал ОЛЖАБАЙ**

# АҒАШТАН ОЮ ОЙҒАН...



**Әлем тарихындағы ең керемет өнер қолөнер десек те болады. Шеберлік пен қызығушылықты талап ететін жұмыстың қиындығы жетерлік. Мұнда халықты таңғалдыру үшін қабілетті болу керек.**

**Ақпанның 10-шы жұлдызында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясының ұйымдастыруымен қолөнер шебері Пахриддин Садықовтың «Қолөнерден – өнеркәсіпке» атты көрмесінің ашылу салтанаты өтті.**

Ұлттық өнерді насихаттау, қолөнер шеберіне қолдау көрсету шараның басты мақсаты болды. Көрмеге көптеген өнерсүйер қауым жиналды. Аталған шараның ашылу салтанатына Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Жомартқызы, Қазақстан Республикасы «Мәдениет саласының үздігі» Қазақстан Суретшілер, Қолөнершілер одағының мүшесі Жәнібек Маханбетов Асанұлы және Жаңақорған ауданының мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Әбілқайыр Сыздықов, Павлодар облысы мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қызметкері Перизат Құрманәліқызы қатысты.



– Қолөнер – ықылым заманнан қазақ халқының өнері десек те болады. Бұл – біздің тарих. Қазіргі таңда сіздің туындыларыңызды республика көлемінде насихаттап жатырмыз. Біз сізге алдағы уақытта да қолдау көрсеткіміз келеді. Шеберлігіңіз арта берсін, ісіңіз берекелі болсын, – дейді Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Қазбекова.

Мұнан соң қолөнерші Пахриддин Садықовқа алғыс хат пен арнайы сыйлық табыс етілді.



Көрмеде 40-тан аса кәдесый мен ағаш бұйымдары болды. Шебер мүсіндерді керемет оюлап, өрнектеген екен. Көпшіліктің назары қобыз аспабына ауды. Мүсіншінің осы аспаппен байланысты туындылары астарлы мағынаға ие десек те болады. Мәселен, «Тұлға» атты мүсінін «қобыз – ділміз, домбыра – тіліміз, шаңырақ – дініміз» екенін түсіндіру мақсатында ойлап тапқан.

Қолөнер – мәдениетіміз. Кешеден бүгінге, бүгіннен ертеңге өмір бар. Бұл дегеніміз атадан балаға мирас болған – аманат. Әрбір қазақтың салт-дәстүрі, арұжданы, қадір-қасиеті болмысы басты арманымыз болуы керек. Осы мақсатқа жету үшін ұлттық болмысты сақтап, жас ұрпаққа насихаттау біздің парызымыз, – дейді Пахридфдин Шәмшідінұлы.

Қолөнер шебері 37 жылдан бері қасиетті өнерді серік етіп келеді. Бала кезіндегі қызығушылығы, уақыт өте келе кәсібіне айналған. Қазіргі таңда өзі шәкірт тәрбиелеуде.

**Нұрдәурен ЖӘРДЕМХАН,**
Қорқыт ата атындағы ҚУ
4 курс студенті

# ОЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ – МАРАПАТ ТӨРІНДЕ




**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде жүлдегер атанған оқушылар марапат төрінен көрінді. Оларды Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде қалалық білім бөлімінің басшысы Ерлан Теңізбайұлы және қалалық кәсіподақ комитетінің төрағасы Орынша Міржақыпқызы құттықтады.**

– Бүгінгі жеңімпаздар – ертеңгі ел үміті. Сіздерге артылар жүктің жауапкершілігін сезініп, алға қарай қадам басуда аймақ сенімін ақтайды деп ойлаймын. Алдағы кезеңдерде сәттілік тілей отырып, оқудағы бастамаларыңыз оңынан болып, алар асуларыңыз мол болсын! Дарынды жас елдің болашағы, баға жетпес қазынасы. Болашақта егеменді еліміздің болашағын айқындайтын дарынды жастар мына сіздер,– деді қалалық білім бөлімінің басшысы.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңіне 1538 бала қатысқан. Оның ішінде 489-ы жүлделі орынға ие болса, 116 оқушы алғыс хат алды.

Олимпиада жүлдегері атанған дарындыларға әдеби кітаптар сыйға берілсе, мұғалімдерге ақшалай сертификат табысталды. Білімді оқушыларға ардагерлер батасын беріп, ақ жол тіледі.

**А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ**

## ОЙМАҚТАЙ ОЙ

**Өмірде жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ болмайды. Кез келген адам қателеседі. Бір-бірін ренжітеді. Сол ренішпен сол адамға өкпесін артып, өз жүрегіне ауыр жүк жинап жүреді. Ал егер ашуды басып, артқа тастап, бір сәт бәріне кешіріммен қарап көріңізші...**

**Керемет жеңілдікті сезінер едіңіз. Себебі өзіңізді де, өзгені де кешіріп, өкпені өшіріп, жүректі жібітесіз. Ал сіз өзіңізді ренжіткен адамды кешіресіз бе? Бірінші болып кешірім сұрай аласыз ба?**

Бірде көше бойында такси күтіп тұрғанмын. Бір көлік тоқтай қалды. Қарасам, көлік жүргізушісі бала кезден Аслан есімді танысым болып шықты. Оны көрмегелі біраз болған. Асланның өмірі де, ойы да өзгеріпті. Он бес күндік вахталық жұмыстан келген соң такси болып, отбасын асырайды. Хал-жағдай сұрасқаннан кейін «қазір бәрінің басында несие бар. Бір айлық жетпейді екен. Қосымша табыс болсын деп жүрген жайым ғой», – деп бастады әңгімесін. Бірнеше минуттық үнсіздіктен соң маған мынадай сұрақ қойды.

– Ақтолқын, сен журналиссің. Бір сұрақ қояйын. Өмірде сен біреуді ренжіттің делік. Одан бірінші болып кешірім сұрар ма едің? – деп қойып қалды.

– Мен журналистен бұрын адаммын, – дедім күліп. Содан соң қайта жалғастырдым.

– Ал сұраққа келсек, кешірім сұрай да, кешіре де аламын. Себебі Алла кешірімділерді сүйеді. Аслан, сен біреуді ренжіттің бе? Бұл сұрақты жай қоймадың ғой, – дедім тағы.

Ол көлік терезесіне бір қарап, ауыр күрсініп алды. Негізі адамның күрсінгені жақсы емес қой. Іштей оны бір мәселе мазалап жүргені сезілді.

Асланның айтқаны...

– Менің өмірде өзегімді өртеген бір өкінішім бар. Келіншегім Мәриямды танисың ғой. Екі баламыз бар. Мәриям екеуміз қатты ренжісіп қалдық. Отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Одан кейін балаларды алып, Мәриям бөлек кетті. Негізі қателік екі жақтан да болады. Бірақ екеуміздің қырсықтығымызбен уақыт өте берді, – деп үнсіз қалды.

– Аслан, негізі әр адам біреудің отбасына араласуға және ажыратуға болмайды. Шариғат бойынша да солай. Бірақ сен азаматсың. Балаларың бар, шүкір. Бір-біріңе кешірімді болыңдаршы. Ашуың басылған сияқты. Кешірім сұрап барсаң, бәрі жақсы болады, – дедім. Бірақ бұл ақылымның кеш екенін кейіннен түсіндім.

– Кейде бізді сол еркектік намыс жібермей қояды ғой. Не керек, көп ойланып, кешірімді өзім сұрайын, отбасымыздың үзілген жерінен қайта жалғастырайын деген ой келді. Бір күні вахтада күн санап жүрген кезім. Ұялы телефоным шырылдады. Алсам, үлкен балам: «Әкешім, қайдасыз? Анам жол апатына түсті, қазір ауруханада жатыр. Тез келіңізші», – деп жылай берді. Жұмыстан сұранып, қалаға қарай жолға шықтым. Ойымды қанша жақсы жаққа бұрсам да, ішім бір жамандықты сезгендей...

Алып-ұшып, ауруханаға да жеттім. Келіншегім жансақтау бөлімінде жатыр екен. Дәрігерлер де мені күтіп тұрғанға ұқсайды. Дереу халат беріп, «Ол тек сізді күтіп жатыр, сабырлы болыңыз» деді. Менің Мәриямымның қандай күйде жатқанын айтып жеткізе алмаймын. Ол әлі көз алдымда. Жанына жақындап, «Сен тәуір боласың. Біз әлі бірге боламыз. Мені кешір» дей бердім. Негізі оңайлықпен көзімнен жас шықпайтын. Еркек болған соң жіби бермейміз ғой. Бірақ сол сәтте мен көз жасымды тоқтата алмадым.

# КЕШІР МЕНІ...



Мәриям маған қарады да, «Сені біраз күттім, тек енді ғана келдің ғой. Балалар өзіңе аманат. Сен де мені кешірші, кеш болса да...» деп көзін жұмды, сол жұмғаннан қайта ашпады, – деп көлік ішінде тағы көз жасына ерік берді.

Мұндайда айтар сөз де табылмай қалады екен. Жасын бір сүртіп, әңгімесін қайта жалғастырды.

– Алла жарыма 37 жыл ғана өмір сүруді нәсіп етіпті. Егер мен кешірімді ертерек сұрағанымда, екеуіміз отбасылық өмірдің қалғанын бірге сүрер едік қой. Бойдағы ашуды жеңе алмағаныма, дер кезінде шешім қабылдай алмағаныма өкінемін. Өмірде ең ауыры – жақыныңнан айырылу. Ал жақынымыз жанымызда жүргенде қадірін білмейміз. Ер адам тек жарының жанында ғана нағыз бақытты болатынын енді түсіндім. Ата-анаға, бауырға, ағайынға деген махаббат бөлек, ал өз жарың мен балаларыңа деген сезім басқаша болады. Кейде соны мойындағымыз келмейді.

Осы кезде екі балама барынша қамқор әке болып жүрмін. Мен енді олардан бөлек болмаймын, жылатпаймын. Негізі адам баласы ренжіскен кезде ашуды жеңіп, уақытты көп созбай кешірім сұрап үйрену керек. Сонда бәрі жақсы болады. Басымнан өткен қасірет басқаға да сабақ болса екен деп айтып отырмын. Өйткені ертең не күтіп тұрғанын ешкім білмейді, – деді күрсініп.

Асланның осы әңгімесі ойдан кетпеді. Енді балаларымен бірге бақытты да ұзақ ғұмыр кешсе екен деп тіледім.

**Тілші түйіні:** Жалпы мұсылман үш күннен артық ренжіспейді. Егер жүрегімізде иман болса, кешірімді болып үйренейік. Себебі адам баласы кешірімді болғаннан кішірейіп қалмайды. Керісінше оның дәрежесі артып, Алланың сый-сияпатына бөленеді.

Жалпы адамдардың бәрі осылай бір-біріне кешірімді болса, өмірде мейірімділік көбірек, өмір сүру жеңілірек болар еді. Адамға өмір бірақ рет берілетінін білеміз. Онда да әркімнің өлшеулі ғана өмірі бар. Онда ренжіскен жандарымызбен жүректі ауырлата бергенше, кешірім сұрайықшы, кеш қалмайықшы, жақсы адамдарым!

**Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ**

# ФУТБОЛ: РЕАЛ МАДРИД КЛУБТАР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ



**Марокко елінде өткен клубтар арасындағы әлем чемпионаты аяқталды. Тартысты бәсекеге үздік төрт команда қатысты. Әр құрлықтың үздіктері өзара мықтыны анықтады.**



Ақпанның 8-ші жұлдызында Танжер қаласындағы «Стад Ибн Батуга» стадионында Бразилия елінің «Фламенго» командасы мен Сауд Арабия клубы «Аль-Хиляль» арасындағы жартылай финал ойыны өтті. Кездесу тартысты болды. Қызыққа толы матч 2-3 есебімен арабтардың пайдасына шешілді. Салем аль-Давсари 2 голмен көзге түсті. Испаниялық футболшы Лусиано Виетто жеңіс добын соғып, командасы финалға шықты.

Кезекті жартылай финалдық ойын Чемпиондар лигасының жеңімпазы «Реал Мадрид» пен Африка құрлығынан келген «Аль-Ахли» арасында болды. Реал Мадрид керемет ойын өткізіп, қарсыласын жеңді. Ойында гол соққан ойыншылар Винисуис Жуниор, Федерико Вальверде, Родриго Гоис, Серхио Аррибас.

Біріншіліктегі 3-орын үшін таласта «Аль-Ахли» мен «Фламенго» командалары кездесті. Египет елінің аяқдопшылары қолда тұрған жеңістен айырылып қалды. 11 метрлік айып добы сәтсіз орындалды, қызыл қағазбен алаңнан ойыншысы қуылды. Осы себепті де жеңіліске ұшырады. Қорытынды нәтиже 4-2 есебімен бразиялық командаaccount пайдасына шешілді.

Финалдық ойын 12-ші ақпан күні болды. Реал Мадрид командасы Аль-Хиляль клубын 5-3 есебімен жеңіп, чемпион атанды. Тіркелген есеп клубтар арасындағы әлем кубогының ең нәтижелі ойыны болып есептелді. Ойын алма-кезек шабуылдармен есте қалды. Біріншіліктің ең үздік ойыншысы – Винисуис Жуниор, екінші санаттағы күміс жүлдені Федерико Вальверде, қола кубокты Лусиано Виетто иеленді. Фифа басшылығы бәсекеге қатысқан 4 командаға 1 миллион доллар сыйақы беретін болады. Чемпион атанған Реал Мадрид клубына 4 миллион доллар қаражат беріледі.

Аль-Хиляль командасының күміс медальға қол жеткізгені өз тарихындағы керемет жетістік десек те болады. Ал Реал Мадрид ұжымы жаңартылған жүйедегі клубтар арасында турнирде 5-ші рет жеңіске жетіп отыр. Айта кететін жайт, бұл жүлде мадридтік команданың тарихындағы 100-ші кубок болды. Неміс футболшысы Тони Кроос клубтық бәсекеде 6-шы рет әлем чемпионы атағына қол жеткізді. Атап айтқанда, мұндай нәтиже барлық аяқдоп шеберлерінен көп. Алтын доп иегері Карим Бензема мансабындағы 32-ші жүлдесін иемденді. Осылайша, ең көп кубок жеңген француздық футболшы атанды. Реал Мадрид командасы бір маусымда мүмкін болған 6 жүлденің 5-не қол жеткізді. Осы маусым карольдік клуб үшін табысты нәтижелерге толы болды.

**Нұрдәурен ЖӘРДЕМХАН,**
Қорқыт ата атындағы ҚУ 4 курс студенті

# ҚАЗАҚСТАН ЖЕЛАЯҚТАРЫ ЕКІНШІ ОРЫН ИЕЛЕНДІ

**Астанада жабық кешендегі жеңіл атлетикадан оныншы Азия чемпионаты аяқталды. Үш күнге созылған жарыста Қазақстан құрамасы 6 алтын, 3 күміс пен 3 қола медаль жеңіп алып, чемпионат қорытындысымен екінші орынға ие болды.**



Азия чемпионатында 3000 метрге жүгіруден Каролин Кипкируи, 400 метрде Элина Михина, эстафеталық жүгіруде ерлер мен әйелдер құрамасы, 60 метрге кедергілермен жүгіруден Давид Ефремов пен биіктікке секіруде Надежда Дубовицкая алтын медаль иеленді.

Ал 400 метрге жүгірген Михаил Литвин, 60 метрге жүгіруден Ольга Сафронова және биіктікке секіруден Кристина Овчинникова күміс медаль иегері атанды. Сонымен қатар қоладан алқа таққандар қатарында 1500 метрге жүгіруден Ақбаян Нұрмамет пен 3000 метрде Шэдрак Кимутай, биіктікке секіруде Елизавета Матвеева бар.

Жарыс қорытындысында 15 медаль жеңіп алған Жапония құрамасы бірінші, 12 медальмен Қазақстан спортшылары екінші және 8 медальмен Катар құрамасы үшінші орынға тұрақтады.

**Венгрияның Дебрецен қаласында өткен бокстан халықаралық турнирде Қазақстанның 6 былғары қолғап шебері финалға шығып, алтауы да қарсыластарынан басым түсті. Иштван Бочкаиды еске алуға арналған бәсекенің ақтық сынына шыққан қазақстандық спортшылардың барлығы да алтын медаль иеленді.**

# АЛТЫ АЛТЫН ҚОРЖЫНДА

Дәстүрге айналған дүбірлі додада ұлттық құраманың ең сақа боксшысы Теміртас Жүсіпов 48 келіге дейінгі салмақта чемпион атанды. Сондай-ақ 57 келіге дейінгі салмақта Серік Теміржанов, 60 келіге дейінгі салмақта Саматәлі Төлтаев, 67 келіде Дулат Бекбауов, 75 келіге дейінгі салмақта Аятулла Тәкіжанов пен 92 келі салмақта жұдырықтасқан Айбек Оралбай турнирдің алтын медалін иеленді.



Бұдан бөлек, қазақстандық үш боксшы құрама қоржынына тағы үш қола медаль қосты. Атап айтқанда, 51 келіде Дамир Әбдіқадыр, 54 келі салмақта Дәулет Молдашев пен 71 келі салмақ дәрежесінде Ермахан Жақпеков үшінші орын иеленді.

Осылайша, жалпы есепте Қазақстанның бокстан ерлер құрамасы 9 медальмен көш бастады. Ал Украина боксшылары екінші, Германия спортшылары үшінші орынға жайғасты. Қазақстанның бокстан басты қарсыласына айналған Өзбекстан құрамасы бұл жарыста 1 алтын, 2 күміс және 3 қола медальмен төртінші орынға тұрақтады.

**Мароккода «Golden Belt Series Marrakesh» халықаралық турнирінде Қазақстанның бокстан әйелдер құрамасы көшбасшы атанды. Ұлттық құрама сапынан барған 12 спортшы аруымыздың 10-ы тұғырға көтеріліп, медаль иеленді.**

# ӘЙЕЛДЕР ҚҰРАМАСЫ КӨШ БАСЫНДА

2-10 ақпан аралығында Маррокконың Марракеш қаласында өткен жарысқа барлығы 34 мемлекеттен келген боксшылар қолғап түйістірді. Жарыста Қазақстанның бокстан әйелдер құрамасынан барлығы 12 былғары қолғап шебері өнер көрсетті. Жарыс қорытындысымен спортшыларымыз 5 алтын, екі күміс пен үш қола медаль иеленіп, медальдар кестесінде бірінші орынға ие болды.

Турнирде 48 келіде өнер көрсеткен Алуа Балқыбекова, 50 келіде Назым Қызайбай, 54 келіде Жайна Шекербекова, 57 келіде Карина Ибрагимова мен 75 келіде Валентина Хальзова алтын медаль иегері атанды. 63 келіде сынға түскен Аида Әбікеева, 81 келіден жоғары салмақтағы Ләззат Күнгейбаев күміс медаль иеленсе, жарыста



үшінші орын алғандар қатарынан 66 келі салмақта Надежда Рябец, 70 келіде Мәдина Нұршаева мен 81 келіде Фариза Шолтай табылды.

# ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ КҮШТІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫ ТАТАМИДЕ КЕЗДЕСТІ

**Байқоңыр қаласының «Маяк» спорт кешенінде «ДИНАМО» дене шынықтыру-спорт қоғамының 100 жылдығына орай Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы ІІМ бөлімшелері мен күштік құрылым қызметкерлері арасында самбо және жауынгерлік самбодан ашық турнир өтті. Татами төріндегі турнирде 50-ден астам спортшы бақ сынасты.**

Турнирдің салтанатты ашылу рәсіміне Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, «Байқоңыр» қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Құқық қорғау органдарының, қалалық кәсіпорындар мен мекеме басшылары қатысты.

Жалпы командалық есепте Қызылорда облысының полиция департаменті жеңіске жетсе, Ресей ІІМ «Байқоңыр» кешеніндегі басқармасының командасы ІІ орын, «Ресей ТЖМ №70 «Байқоңыр» кешеніндегі арнайы басқармасы» ІІІ орын иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Байқоңыр» кешенінде Ресей ІІМ грамоталарымен, арнайы кубок және медальдармен марапатталды.

Дайындаған: **А.БІРКЕНОВ**

**Меншік иесі:**
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор**
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

**Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы**
**Бас редактор**
**Азиз БАТЫРБЕКОВ**

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

**Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
**Таралымы 2922** **Тапсырыс №247**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ